



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ КҮТУЛЕР

АҚПАН 2025

Халықтың алдағы 1 жылдық көкжиектегі инфляциялық күтулері тағы да өсіп, 2025 жылғы ақпан айында 13,7%-ды құрады. Бұл нақты инфляцияның жеделдеуі және кейінгі өзгерістерге, атап айтқанда, ҚҚС-ты өсіру және мұнай өнімдері нарығын ырықтандыру туралы жаңалықтарға байланысты болды. Сонымен қатар, тегістелген көрсеткіш кейінгі айларда белгілі бір тұрақтылықты көрсетіп, ұзақмерзімді инфляциялық күтулер деңгейінде сақталып отыр.


Халықтың инфляциялық күтулері

2025 жылғы ақпанда алдағы 12 айда күтілетін инфляцияның медианалық мәні¹ 13,7%-ға дейін өсті (2025 жылғы қаңтарда – 12,4%).

Жылдық инфляцияның жеделдеуі, сондай-ақ ҚҚС-ны өсіру және жанар-жағармайға шекті бағаларды реттеуді тоқтату туралы жаңалықтар халықтың инфляциялық күтулеріне әсер етіп, бағалардың өсуіне қатысты олардың болжамдарын күшейтті. Екінші жағынан, 2025 жылғы ақпанда инфляциялық күтулер теңгенің номиналды айырбас бағамы нығайған тұста қалыптасты.


Сонымен қатар, инфляциялық күтулер құбылмалы болғанына қарамастан, кейінгі айларда үш айлық тегістелген көрсеткіш шамамен 13,6% деңгейінде тұрақтанғаны байқалып отыр. Ал 5 жылға арналған инфляциялық күтулердің медианалық мәні ақпанда 13,5% болды (қаңтарда – 13,7%).

1-график. Респонденттердің инфляциялық күтулері, %



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

2-график. Респонденттерге сезілген инфляция мен нақты инфляция, %



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab, ҚР СЖРА ҰСБ


Кейінгі 12 айдағы сезілген инфляцияның медианалық мәні де 2025 жылғы ақпанда 12,4%-ға дейін өсті (2025 жылғы қаңтарда – 11,3%) (2-график).

Азық-түлік бағасының өскенін атап өткен респонденттердің үлесі ақпанда 79,7%-ға дейін төмендеді (қаңтарда – 80,7%). Ал қызмет көрсету бағаларының қымбаттағанын байқағандар үлесі 8,1%-ға дейін артты (қаңтарда – 6,3%).

2025 жылғы ақпанда респонденттердің басым бөлігі азық-түлік өнімдері арасында жеміс-жидек пен көкөніс, ет

және сүт өнімдері қымбаттағанын атап өтті. Азық-түлік емес тауарлар ішінде халық дәрі-дәрмек, тұрмыстық химия, киім және аяқкиім бағасының қымбаттағанын айтты. Ал ақылы қызметтер арасында тұрғын үй-коммуналдық қызметтер, интернет пен ұялы байланыс, сондай-ақ медициналық қызметте тариф өскені жиі аталды (3-график).

3-график. Жиі аталатын тауар мен қызмет түрлері




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

Халықтың тұтыну көңіл-күйі


2025 жылғы ақпанда тұтыну көңіл-күйі индексі 97,1 деңгейіне дейін төмендеді (2025 жылғы қаңтарда – 106,7) (4, 5, 6-графиктер). Күтуді бағалауда алдағы 1 жыл мен 5 жылдағы елдің даму перспективаларына деген көзқарас нашарлады. Сондай-ақ, келесі жылы жеке қаржылық жағдайдың өзгеруін бағалау көрсеткіші төмендеді.

Сонымен қатар, қазіргі жағдайды бағалауда өткен жылдағы жеке қаржылық жағдайдың көрсеткіші нашарлады, және ірі сатып алуларға дайындығы төмендеді.

4-график. Тұтыну көңіл-күйі индексі²


Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

5-график. Күтулерді бағалау



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

6-график. Қазіргі жағдайды бағалау



ЕСКЕРТПЕЛЕР

¹ 2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулерді сандық бағалау/медианалық бағалау жарияланған жоқ, себебі 2022 жылғы қаңтардағы сауалнама нәтижелеріне қаңтарда елде болған оқиғалар әсер етті, бұл респонденттердің аз болуына және алдыңғы деректерден алшақтауына әкелді.

Сезілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өсті? Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ нәтижелері негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өседі?

² Тұтыну көңіл-күйі индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдыңғы 5 жылдағы елдің даму перспективалары;
- қомақты сауда жасау.

Қазіргі жағдай индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі бір жылда жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- қомақты сауда жасау индексі.

Тұтынушылық күтулер индексі: жеке индекстердің орташа мәні;

- алдағы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдағы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары.

Сандық мән оң және теріс жауаптардың +100 арасындағы айырмашылығы ретінде есептелетін жауаптардың балансы. Индекс мәні 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100-ден жоғары мән – оң мәндердің, 100-ден төмен – теріс мәндердің басым екенін білдіреді.